

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# СӨЖ

## Тақырыбы: Анемиялар



**anaemia** -iNFO.ru

Орындаған: Бірлік Жібек

Тобы: ЖМ13-12-02

Курс: 5


Қабылдаған: Масимжанова Д. А.

# ЖОСПАР:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім:
  - а) Гемолиздік анемиялар. Орақтәрізді жасушалы анемия және талассемия. Жүре пайда болған анемиялар;
  - б) Гипо- және апластикалық анемиялар.
- III. Қорытынды



- Анемия қанның белгілі көлемінде гемоглобин мен эритроциттердің санының азаюымен сипатталатын қан ауруы.



- **Анемия** (гр. *αναιμία*, *қан аздығы*) ауырған адамның қаны «сұйылып» кетеді, бұл аурудың сипаты организм қан деңгейін қалыпқа келтіріп үлгергенше қанның азайып немесе жойыла бастауымен байланысты айқындалады. Үлкен жарақаттар алғанда, аузы ашылып кеткен асқазан жарасы, іш сүзегі (дизентерия) негізіндегі қанның тоқтамауы адамды анемия ауруына шалдықтыруы мүмкін. Қанның қызыл түйіршіктерін жойып жіберетін безгек (малярия) ауруы да анемия дертін қоздырушы болып табылады. Күнделікті тамақ рационында темір құрамдас заттардың болмауы да осы ауруды қоздырып, ушықтыра түседі.
- Әйелдердегі анемия дертін қоздыруға етеккір келген кезде немесе дұрыс тамақтанбай организмі әлсіреген әйелден босанған кезде тоқтамай аққан қанның да тигізер салдары бар. Әсіресе анемияның ауыр түрімен құрсағындағы баласына керекті қосымша қан мөлшерін қамтамасыз етуге тиісті жүкті әйелдер ауыруы мүмкін.
- Балаларда анемия олардың ішетін тамағында темір құрамдас заттардың жетіспеушілігінен де және оларды 6 айлығынан кейін қосымша тамақтандырмағандықтан да болады. Көбіне жас балалардағы анемия себептерін олардың нематодты (паразит) құрттарды жұқтыруы созылмалы іш өту және іш сүзегімен ауыруы туындатады




# АНЕМИЯНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Анемияның белгілері
- Терінің бозарып, қуарып еңі қашады
- Қабақ үсті терісінің еңі кетіп, бозарады:
- Тіс қызыл еті қаны қашып ағарады.
- Тырнақ ағарып кетеді, әлсіздену, тез шаршау пайда болады
- Анемияның ауыр түрінде бет аяқ ісініп, жүрек соғысы жиілейді, демігу пайда болуы мүмкін.
- Топырақ бор жеуге әуес балалар мен әйелдер әдетте анемия зардабын шегеді.



Анемияларды 4 топқа бөледі:

- 1)Қан кету себебінен туындаған анемиялар
- 2)Эритроциттердің немесе гемияларемоглобиннің түзілуінің бұзылуы нәтижесіндегі анемиялар
- 3)Эритроциттердің көп ыдырауы нәтижесіндегі анемиялар
- 4)Полидефицитті анемиялар



Анемия

Цветовой показатель

Ниже 0,85

Выше 0,85

ЖДА / ЖПА / СА / ГА (талассемия)

В<sub>12</sub>-ДА / ФДА / ГА / АКН

Сывороточное железо

Количество ретикулоцитов

Снижено

Норма или повыше-  
но

Повышено

Норма или снижено

ЖДА / ЖПА

СА / ГАт

ГА

В<sub>12</sub>-ДА / ФДА / АКН

ОЖСС

Количество  
ретикулоцитов

Исследование костного мозга

Повышена

Норма или  
снижена

Норма

Повышено

Мегалобласты

Лейкемиче-  
ские

Жиро-  
вая  
ткань

Миелофиб-  
роз

ЖДА

ЖПА

СА

ГА

В<sub>12</sub>-ДА / ФДА

Лейкоз

Апласти-  
ческая

Миелофиб-  
роз

Уточнить причину или форму заболевания

# ГЕМОЛИЗДІК АНЕМИЯЛАР

Гемолиздік анемия қан түзілуінен оның бұзылуы басым болғанда дамиды. Гемолиз үрдісінің күшеюіне байланысты билирубин көп пайда болып тері сарғаяды, гемосидерин пигменті жиналып қалған ағзалар түсі (*бауыр, көкбауыр, лимфа түйіндері*) тот басқан темірдің түсіндей *сарғыш* болады. Көкбауыр үлкейеді. Сонымен қатар организмде қан түзілу үрдісі күшейеді. Сүйек майы миелоидты метаплазияға байланысты қызыл ренде көрінеді.


## Шығу себептеріне қарай:

- 1) Тұқым қуалау жолымен туындайтын;
- 2) Жүре пайда болған.



# ГЕМОЛИЗДІК АНЕМИЯЛАР

Тұқым қуалау жолымен туындайтын анемиялардың негізінде эритроцит мембранасындағы әртүрлі құрылымдық өзгерістер, гемоглобин синтезінің бұзылуы немесе эритроцит құрамында кейбір ферменттердің жетіспеушілігі жатады. Осы анемияларға *микросфероцитоз және овалоцитоз* деген аутосомды-доминантты тұқым қуалайтын сырқаттар кіреді. Мембрана құрылымындағы ақауларға байланысты эритроцит қабықтарының өткізгіштігі шамадан тыс күшейіп, Na иондары эритроциттерге өтіп, ол жерге су жиналады.




# ГЕМОЛИЗДІК АНЕМИЯЛАР

Осылайша ісінген эритроциттер домалақтанып, капиллярлардаң өткенде өз пішіндерін өзгерте алмастан жойылады (гемолизденеді). Бұл үрдіс негінен көкбауырда болып, ол біраз үлкейеді.

Ферменттер жетіспеушілігіне байланысты дамитын анемияларды *ферментопатиялар* деп атайды. Глюко-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығында вирустық инфекциялар, кейбір дәрі-дәрмектер жедел дамитын гемолиз шақырады. Осы патологияны туындатушы гендер Х-хромосомамен тіркескен болады.

Гемоглобин құрылысына қарай патологияларды *гемоглобинопатиялар* немесе *гемоглобиноздар* деп атайды.

# ГЕМОЛИЗДІК АНЕМИЯЛАР



## Орақтәрізді жасушалы анемия


Гемоглобинопатиялардың ішінде жиі кездесетіні орақтәрізді жасушалы анемия. Бұл HbA-ның орнына HbS пайда болады. Оның HbA-дан айырмашылығы гемоглобиннің В-тізбегінің 6-орнындағы валин аминқышқылы глутамин қышқылымен алмасқан. Гомозиготаларда (HbSS) барлық гемоглобин HbS-тен тұрады. Гетерозиготаларда (HbAS) HbS 40-50%-ды құрайды.

Аномалдық гемоглобин, Hbs-тің пайда болуын тропикалық малярияның тарлуымен түсіндіреді, HbS бар кісілер маляриямен ауырмайды.

# ГЕМОЛИЗДІК АНЕМИЯЛАР


**Талассемия** – тұқым қуалаушы аурулар қатарына жатып, гемоглобиннің глобиндік тізбектері түзілуінің бұзылуымен сипатталады. Осыған байланысты талассемияның а, в, g түрлерін ажыратады. Егер глобиннің а-тізбектері түзілмесе оны а-талассемия, в-тізбектері болмаса в-талассемия деп атайды.

Аутопсия кезінде анемия белгілерін, ағзалар гемосидерозын, сүйек майындағы жасушалар гиперплазиясына байланысты бас сүйегі күмбезінің қалындағанын, беттің деформациясын, ұзын сүйектердің қыртыс қабатының жұқарғандығын, кейде олардың пішінсізденіп, сынуын байқаймыз. Сплено- және гепатомегалияны көреміз. Аурулар орташа 15-17 жыл өмір сүреді.



# ЖҮРЕ ПАЙДА БОЛҒАН АНЕМИЯЛАР

*Жүре пайда болған анемиялар* топтары немесе резус-факторы сәйкес келмейтін қан құйылғанда, гемолиз шақырушы улармен уланғанда, жылан шаққанда, кейбір инфекцияларда дамиды. Бұлар организмде өз эритроциттеріне қарсы антиденелер пайда болуымен сипатталады. Антиген және антидене реакциялары нәтижесінде эритроциттер гемолизденеді. Бұл аутоантиденелердің жылылық және суықтық түрлері бар. Бала мен ана қанының резус-фактор бойынша бір-біріне сай келмеуі *нәрестелердің гемолиздік анемиясына* алып келеді.



# ГИПО- ЖӘНЕ АПЛАСТИКАЛЫҚ АНЕМИЯЛАР

Бұл аурудың дамуының ішкі және сыртқы себептері болады.

*Ішкі себептерге* байланысты дамитын анемияларға тұқымқуалаушылық жолымен немесе жасушаларға қарсы антиденелер пайда болуына байланысты тұындайтын анемиялар кіріп, олар қан жасаушы жүйе жасушаларының хромосомды аппаратының зақымдануымен және олардың тез арада жойылуымен сипатталады. Қан жасаушы жүйенің бүтіндей жойылып май басып қалуын *панмиелофтиз* деп атайды.

# ГИПО- ЖӘНЕ АПЛАСТИКАЛЫҚ АНЕМИЯЛАР

*Сыртқы себептерге* радиий сәулесінің, токсинді заттардың, кейбір дәрі-дәрмектердің, вирусты инфекциялардың және т.б. әсері кіреді. Бұл әсерлер нәтижесінде гемопоез біраз бұзылғанымен, қан жасаушы элементтер бүтіндей жойылып кетпейді. Сондықтан сүйек майының арасында жас қан элементтері де көрінеді. Қан жасау үрдісінің бұзылуына байланысты көп ағзаларға, шырышты және сірі қабықтарға қан құйылады (геморрагиялық диатез). Сүйек майын ісік метастаздары немесе сүйек тіні (остеосклероз) басып қалғанда да анемияның осы түрі дамиды.



# КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ

- Анемиялық синдроммен ауыратын науқастардың жиі кездесетін шағымдары: бастың ауруы, бас айналу, құлақтағы шуыл, енгігу, жүректің жиі соғуы, ашуланшақ, ұмытшақтық, әлсіздік.



[MedUniver.com](http://MedUniver.com)

*ВСЕ ПО МЕДИЦИНЕ...*



# АНЕМИЯНЫ ЕМДЕУ ЖӘНЕ ОДАН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ


- Құрамы темірге бай тағамдармен тамақтаныңыз. Ет, балық және тауық еті құрамында темір мөлшері көп. Көкбұршақ, асбұршақ, жасымық (чечевица), қанық жасыл жапырақты көкөністерде де темір бар. Сондай-ақ асты темір қазан, құтыларға пісіргеннің пайдасы зор. Организмнің темірді сіңіріп қабылдауы үшін негізгі тағамға қоса көкөніс пен жеміс-жидек жеген дұрыс, кофе мен шәйді тамақтанып болғаннан соң ішу керек.
- Анемияның қалыпты және ауыр түрімен ауырғанда темір қоспалы дәрі-дәрмек қабылдау қажет (темір сульфаты таблеткалары). Бұны, әсіресе, анемиямен зардап шегетін жүкті әйелдер ішуі керек. Анемияның барлық түрінде де темір сульфаты таблеткалары бауыр экстракты мен В12 витаминіне қарағанда анағұрлым пайдалырақ. **Темір қоспалы дәріні әдетте ектіру арқылы емес, таблетка түрінде қабылдайды, өйткені ине салғызу қанша дегенмен қауіпті және әсер ету күші жағынан да ішетін дәріден артықшылығы жоқ**




- Егер анемия іш сүзегі (іштен қан өту) салдарынан нематода жұққаннан, безгек зардабынан пайда болса, онда адамды анемиямен ауыруға себеп болған осы аурулардан емдеу керек.
- Анемия ауыр формаға ауысып, ем қонбаған жағдайда уақыт оздырмай дәрігерге көрінген жөн. Бұл әсіресе жүкті әйелдерге қатысты.
- **Әйелдер арасында анемиямен ауыратындары көп. Мұндай сырқатпен ауырған әйелдерде түсік тастау және босанған кезде қатты қансырау қаупі зор. Әйелдердің темір қоспасы көп тағамдарды мүмкіндігінше көбірек ішіп-жегені дұрыс, әсіресе жүкті кезінде дұрыс, жақсы тамақтануға мән бергендері жөн. Жүктіліктің арасына 2-3 жыл уақыт салу әйелге күш жинап, денсаулығын нығайтып алуға мүмкіндік туғызады.**





- Осы дертпен ауырғандардың өмір тарихын зерттеу белгілі бір тәртіппен жүргізіледі. Оның туған жерін, этникалық шығу тегін сұрастыру қажет, себебі кейбір анемиялар белгілі географиялық жерлерде және этникалық топтарда жиірек кездеседі.



Нормальная  
концентрация  
эритроцитов



Анемия



## ҚОРЫТЫНДЫ:

- Анемиялық синдромның бірден бір көрінісі ол терінің бозаруы, гемолиздік анемияларда сарғыштығы, ал темір тапшылығы кездесетін анемияда жасылдануы қосылады. Анемиялық синдромның көріністері әр жағдайда, эритроцитопения мен гипогемоглобинемия ауруларына байланысты әр түрлі болады.